

«Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесі отырысының №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 22.05.2026 ж.]

Уақыты: 17 00

Өткізілген орны: мектеп

Төрайымы: Бутинбаева Ф.Б

Хатшысы: Ищанова А.М

Қатысқандар: Кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен отырыстарда қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет.
2. Оқушылардың сыртқы және мектеп жанындағы лагерьлермен қамтылуы және жазғы қауіпсіздік шаралары.
3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысының қорытындысы.

1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды: Кеңес төрағасы Бутинбаева Ф.Б. №3 отырыста қабылданған шешімдердің оның ішінде әлеуметтік көмек, денсаулық сақтау, толық орындалғанын хабарлады. Аз қамтылған отбасы балаларының тамақтану сапасы қадағаланып, медициналық тексерістен өткен оқушыларға тиісті кеңестер берілгені айтылды.

Шешім: Өткен кезеңдегі тапсырмалардың орындалуы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Утебаева Ж.С. ] жазғы демалысты ұйымдастыру жоспарымен таныстырды. Мектеп жанындағы лагерьге 17 оқушы, ал қала сыртындағы лагерьлерге әлеуметтік санаттағы балалар жіберілетінін айтты.

Сондай-ақ, жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары (судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, жол ережесі) бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілгені туралы хабарлама жасалды.

Шешім:

Оқушылардың жазғы демалысы кезіндегі қауіпсіздігі үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың лагерьмен 100% қамтылуы қамтамасыз етілсін.

3. ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға талдау жасады. Жыл бойы 4 отырыс өткізіліп, онда мектептің бюджеті, тамақтандыру, «Мектепке жол» акциясы,

оқулықтармен қамту және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері қаралғанын тізбектеп өтті. Кеңес мүшелері мен демеушілердің мектеп өміріне қосқан үлесі үшін алғыс білдірілді.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылындағы атқарған жұмысы «жақсы» деп бағалансын.
2. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасын әзірлеу тамыз айына белгіленсін.

Төраға: [Қолы] [Қолы] Душманбаева Р.Б.

Хатшы: [Қолы] [Қолы] / Мельникова А.М.